

## **Кейбір объектілерді республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 518 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ащысай өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі Ащысай өзенінің сол жақ жағалауын көріктендіру және оған жарық беру объектілерімен қоса республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен, Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*